

Секция	Описание
Авторы	<p>Өскемен қаласы жаратылыстану-математика бағытындағы НЗМ тәрбие ісінің меңгерушісі Мухтарханова Г.Т.</p> <p>Өскемен қаласы жаратылыстану-математика бағытындағы НЗМ педагог-психологы Темірханова Ш.Т.</p>
Тема	<p>Анықтаудан оң өзгерістерге: Мектеп қауымдастығының психологиялық қауіпсіздігін нығайту үшін «Қауіпті аймақ картасын» қолдану тәжірибесінен, 2024-2025 жж</p>
Аннотация (150–250 слов)	<p>Аңдатпа. Бұл зерттеу жұмысы заманауи мектеп ортасындағы психологиялық және физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің өзекті мәселелеріне арналған. Оқушылардың мектеп қабырғасындағы эмоционалдық әл-ауқаты олардың академиялық үлгеріміне ғана емес, тұлғалық дамуына да тікелей әсер етеді. Осы орайда, зерттеуде оқушылардың өздерін жайсыз немесе қауіпсіз сезінбейтін кеңістіктерін анықтауға және оларды жоюға бағытталған «Қауіпті аймақтар картасы» атты инновациялық тәсіл ұсынылады.</p> <p>Әдіснаманың ерекшелігі — оқушылардың білім беру ортасын жақсарту процесіне белсенді қатысуында. «Қауіпті аймақтар картасын» құру барысында оқушылар мектеп аумағындағы қауіпсіз емес нүктелерді өз бетінше белгілеп, оның себептерін терең талдауға мүмкіндік алды. Бұл зерттеу нәтижесінде анықталған аймақтарды түрлендіру және дизайндық шешімдер арқылы қайта құру жұмыстары жүргізіліп, оқушылардың қауіпсіздік деңгейі мен жайлылық сезімі айтарлықтай артты.</p> <p>Зерттеу жұмысы оқушыларды қауіпсіз мектеп ортасын құруға тартудың жоғары әлеуетін және олардың пікірімен санасудың маңыздылығын дәлелдеді. Ұсынылған «Қауіпті аймақтар картасы» әдісі мектептегі буллингтің алдын алуда және балаға бағдарланған қолайлы білім беру кеңістігін қалыптастыруда тиімді құрал ретінде барлық білім беру мекемелеріне практикалық қолдануға ұсынылады. Бұл тәсіл мектеп әкімшілігі мен оқушылар арасындағы сенімді нығайтып, оң өзгерістерге жол ашады.</p> <p>Кілтсөздер: психологиялық қауіпсіздік, әл-ауқат, қауіпті аймақ картасы, жайлы аймақ, мектеп ортасы, оқушыларды тарту, түрлендіру, буллингтің алдын алу.</p>
Актуальность и обоснование проблемы	<p>Әзірленген карта құралын қолданысқа енгізілуі және оның қауіпсіз мектеп ортасын құрудағы өзгерістерге әсері</p> <p>Ұсынылған тәсілді басқа білім беру мекемелері оқушылардың психологиялық қауіпсіздігін жақсарту үшін қолдана алады.</p>
Цель и исследовательские вопросы	<p>Мектеп ортасында психологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыру үшін құрылған «қауіпті аймақтарды анықтау» картасын қолдану және оның практикалық тиімділігін анықтау.</p> <p>Міндеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> «Қауіпті аймақ» картасын мектепке бейімдеп, қауіпті жерлерді анықтау үшін енгізу

	<ol style="list-style-type: none"> 2. Оқушылардан алынған мәлімет арқылы олар қандай жерлерді неге қауіпті санайтынын талдау 3. Анықталған қауіпті аймақтарды (мысалы, қараңғы орындарды) жақсарту бойынша нақты іс-шаралар әзірлеу және жүзеге асыру 4. Өзгерістерден бұрын және кейін оқушылардың қауіпсіздік сезімін салыстырып бағалау 5. Оқушыларға арналған қауіпсіздік практикаларының жаднамаларын әзірлеу, тарату, түсіндіру жұмысын ұйымдастыру
<p>Теоретическая основа (кратко)</p>	<p>Зерттеу психологиялық қауіпсіздік ұғымына, оқушылардың қауіпсіздік сезіміне әсер ететін факторларға, мектеп ортасының ұйымдастырылуының қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөліне, сондай-ақ қауіпсіз орта құруға оқушыларды тарту принциптеріне негізделеді. Roger Hart еңбектерінде балалардың өз ортасын картаға түсіру (child-drawn maps) арқылы қалай түсінетінін, бақылайтынын және осы арқылы қауіпсіздік сезімін дамытатыны туралы көрсетіледі. Карталар балаларға өз ортасын зерделеуге, проблемаларды анықтауға және шешімдер ұсынуға мүмкіндік беретін күш беруші құрал ретінде қарастырылады [1].</p> <p>Dan Olweus буллингтің алдын алу бойынша жүргізген зерттеулерінде оқушылардың қолдаушы мектеп атмосферасын құруға белсенді қатысуының маңыздылығын атап өтеді, бұл олардың психологиялық қауіпсіздік сезімімен тікелей байланысты [2].</p> <p>Сондай ақ, келесі авторлар тобы Christopher Pfledderer және оның әріптестері (Burns, R. D. және Brusso, T.) 2019 жылы жариялаған «School environment, physical activity, and sleep as predictors of suicidal ideation in adolescents: Evidence from a national survey» эмпирикалық зерттеулер оң және қолдаушы мектеп психологиялық ортасының оқушылардың жоғары академиялық көрсеткіштерге жетуіне және буллинг, суицидтік ойлар және ойынға тәуелділік сияқты проблемалық мінез-құлықтардың алдын алуға көмектесетінін көрсетеді [3].</p> <p>Бұл тәсіл оқушылардың қауіпсіздікті қабылдау бойынша пікірлеріндегі өзгерістерге назар аударады, бұл Learning Study қағидаларына сәйкес келеді. Онда педагогикалық араласу нәтижесінде оқушылардың түсінігі мен қабылдауындағы өзгерістер негізгі зерттеу объектісі болып табылады. Оқушылардың белгілі бір аймақтарды нәліктен қауіпті деп санайтынын талдау және түрлендіруге дейін және одан кейін олардың қабылдауын салыстыру әдісі бұл әдістеменің олардың қауіпсіздік сезіміне және ыңғайлы кеңістік құруға қатысуына қалай әсер ететінін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Алынған қорытындылар оқушылардың қажеттіліктеріне бағдарланған тиімді оқыту стратегияларын және қауіпсіз мектеп ортасын құруға ықпал ете алады.</p>
<p>Методология</p>	<p>Зерттеу әдіснамасы Қатысушылар: 7-12 сынып оқушылары, 770 оқушы Құралдар:</p>

	<p>«Қауіпті аймақ» картасы: Картаның қалай қолданылғаны сипатталды (тарату, нұсқаулық). Құралдың мақсаты – қауіпті жерлерді анықтау екендігі атап өтілді.</p> <p>Анкета/Сауалнама (түрлендіруге дейін): Өзірленген анкета белгіленген аймақтардағы қауіпсіздік сезімін бағалауға және қауіпсіздік себептерін анықтауға бағытталған сұрақтар арқылы жүзеге асырылды.</p> <p>Қауіпсіздік себептерін талдау: Оқушылардың белгілі бір аймақтарды қауіпті деп санау себептері туралы жауаптарын жіктеу және талдау.</p> <p>Түрлендіру бойынша іс-шаралар: Таңдалған қауіпті аймақты (мысалы, қараңғы учаске) түрлендіру бойынша нақты әрекеттер сипатталды.</p> <p>Анкета/Сауалнама (түрлендіруден кейін): Қауіпсіздікті қабылдаудағы өзгерістерді бағалау үшін ұқсас немесе түзетілген сұрақтармен қайта сауалнама жүргізілді.</p> <p>Зерттеу кезеңдері: Дайындық кезеңі: «Қауіпті аймақ» картасын бейімдеу және тарату, оқушыларға жүргізу. Қауіпті аймақтарды анықтау: Картадағы белгілерді және қауіпсіздік себептерін талдау. Бастапқы сауалнама. Түрлендіру: Таңдалған аймақты жақсарту бойынша іс-шараларды жүзеге асыру. Бақылау: Түрлендіруден кейін қайта сауалнама жүргізу. Деректерді талдау: «Дейін» және «кейінгі» сауалнама нәтижелерін салыстыру, қауіпсіздік себептерін талдау.</p>
<p>Реализация (ход исследования)</p>	<p>«Қауіпті аймақ» картасын талдау:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қауіпті аймақтар белгіленген картаның визуалды көрінісі анық болды (ең жиі белгіленген орындарды көрсететін орындар қаралды). • Оқушылардың әртүрлі аймақтар үшін көрсеткен қауіпсіздік себептері (мысалы, жарықтандыру, қақтығыстардың болуы, бақылаудың болмауы және т.б.) жіктелінді. <p>Оқушылардың қауіпті деп көрсетілген аймақтың түрлендіруге дейінгі және кейінгі ойларының салыстырмалы талдауы: Мысалы, «Мәжіліс залы алдындағы қараңғы жерге» жасалынған талдау:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Оқушылардың түрлендіруге дейінгі осы аймақты қабылдау сипаттамасы (анкетадағы жауаптар және картада көрсетілген себептер негізінде) жасалынды. Нақты жауаптардың мысалдары келтірілді. - Жүргізілген түрлендіру іс-шараларының сипаттамасы (эстетикалық дизайн, жарықтандыру, мотивациялық элементтер). - Оқушылардың түрлендіруден кейінгі осы учаскені қалай қабылданатыны туралы ойларының сипаттамасы жасалынды (қайталанған анкетадағы жауаптар негізінде). Салыстырмалы жауаптардың мысалдары келтірілді. <p>Оқушыларды тартудың әсері: Оқушылардың «Қауіпті аймақ» картасын толтыруға қатысуы олардың қауіпсіздік мәселелері туралы хабардарлығына және өзгерістерге дайындығына оңды әсер ететіні анықталды.</p> <p>Нәтижелерді талқылау</p>

Анықталған аймақтардың түрлендіруден кейін немесе қажетті шаралар қолданылғаннан кейін психологиялық қауіпсіздік деңгейіндегі анықталған өзгерістер болды. «Қауіпті аймақ» картасын проблемалық аймақтарды анықтау және оқушыларды тарту құралы ретінде пайдалану тиімділігі бар екенін анықтай алдық. Оқушылардың белгілі бір аймақтарды қауіпті деп санау себептері және түрлендірудің осы себептерге қалай әсер еткені талданды. Бұл тәсілді басқа білім беру орындарына тарату пайдасы мен мүмкіндіктері талқыланды. Зерттеудің жұмысын ары қарай жетілдіру туралы да қарастырылды.

**Результаты и
главные выводы**

Кесте 1. Оқушылардың қауіпті деп көрсетілген аймақтың түрлендіруге дейінгі және кейінгі ойларының салыстырмалы талдауы:

Қауіпті аймақтар	Түрлендіруге дейінгі орташа балл	Түрлендіруден кейінгі орташа балл	Өзгеріс (Артты/Кеміді)
Машина тұрағы	3.83	4.08	+0.25 (Артты)
Жолүсті өткелі, аялдама	3.83	4.32	+0.49 (Артты)
Сәтпаев даңғылы	3.44	3.98	+0.54 (Артты)
Театр мен мектеп екіортасы	3.71	3.76	+0.04 (Артты)
Спорт алаңы, 1 блок	3.73	3.95	+0.22 (Артты)
7 блок	3.77	3.78	+0.01 (Артты)

Салыстырмалы талдау көрсеткендей, түрлендіруден кейін қауіпті аймақтардағы қауіпсіздік сезімінің орташа баллы артқан. Мысалы, машина тұрағындағы қауіпсіздіктің орташа балы 3.83-тен 4.08-ге, жол үсті өткелінде қауіпсіздіктің орташа балы 3.83-тен 4.32-ге, Сәтпаев даңғылы бойынша аталынған қауіпсіздік 3.44-тен 3.98-ге дейін өсті. Бұл нәтижелер ұсынылған әдістің **тиімділігін** және оның **психологиялық қауіпсіздікті арттыруға** ықпал ететінін растайды.

**Практические
рекомендации**

Алынған деректер негізінде білім беру мекемелерінде оқушылардың әл-ауқатын жақсарту үшін келесі ұсынымдарды қолдануды ұсынамыз:

1. Мектептегі қауіпсіздік мәселелерін анықтауда тек статистикалық деректерге ғана емес, оқушылардың субъективті қабылдауын көрсететін картографиялық әдістерге басымдық беру қажет.
2. Қауіпті аймақтарды анықтау және оларды түрлендіру жұмыстарын жылына екі рет жүргізіп, оқушылардың қауіпсіздік сезімін бағалап отыру маңызды.

	<p>3. Анықталған мәселелерді шешуде тек физикалық өзгерістермен (жарықтандыру, камера орнату) шектелмей, эстетикалық дизайн мен мотивациялық элементтерді қоса қолданған абзал.</p> <p>4. Оқушылардың «қауіпті аймақтарда» өзін-өзі ұстау дағдыларын және стреске төзімділігін арттыру мақсатында қауіпті немесе жайсыз аймақтарда мазасыздық туындаған жағдайда қолданылатын тыныс алу техникаларымен әдістерін үйрету шараларды, оқушылардың кез келген қауіп немесе буллинг белгілері туралы мектеп психологына немесе сенімді ересек адамға қорықпай хабарлау дағдысын қалыптастырған жөн.</p> <p>5. Оқушылар мен ата-аналар арасында қауіпсіздік жаднамаларын тұрақты түрде таратып, жедел көмек көрсету мүмкіндіктері (CALL-орталықтар, QR-кодтар) туралы түсіндіру жұмыстарын жетілдіру қажет.</p>
<p>Заклучение</p>	<p>«Қауіпті аймақ» картасын пайдалану және кейіннен түрлендіру жұмыстарын жүргізу психологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыруға ықпал етеді деген болжам расталды. Бұл зерттеу жұмысында оқушылардың өздерін қауіпсіз сезінбейтін аймақтарды анықтау және оларды жою үшін «Қауіпті аймақтар картасын» қолданудың тиімділігі жан-жақты талданды. Бұл карта оқушыларға қауіпті деп санайтын жерлерді нақты анықтауға және олардың себептерін зерделеуге мүмкіндік берді. Зерттеу барысында жинақталған деректер (770 оқушы қатысқан сауалнамалар мен картадағы белгілер) арқылы мектеп ішіндегі және оған жақын аймақтардағы қауіпсіздік мәселелері айқындалды. Бұл аймақтардағы қауіпсіздіктің төмендеу себептері көрсетілді. Анықталған қауіпті аймақтарды түрлендіру бойынша жүргізілген нақты іс-шаралар оқушылардың қауіпсіздік деңгейін қабылдауын айтарлықтай арттырды. Салыстырмалы талдау көрсеткендей, түрлендіруден кейін қауіпті аймақтардағы қауіпсіздік сезімінің орташа баллы артқан. Мысалы, машина тұрағындағы орташа балл 3.83-тен 4.08-ге, жол үсті өткелінде 3.83-тен 4.32-ге, Сәтпаев даңғылында 3.44-тен 3.98-ге дейін өсті. Бұл нәтижелер ұсынылған әдістің тиімділігін және оның психологиялық қауіпсіздікті арттыруға ықпал ететінін растайды. Ғылыми жаңалығы ретінде әзірленген картография әдісінің мектеп ортасындағы практикалық өзгерістерге әсері бар. Практикалық маңызы жағынан, ұсынылған тәсілдің басқа білім беру мекемелерінде де оқушылардың психологиялық қауіпсіздігін жақсарту үшін қолданылу әлеуеті жоғары. Зерттеу сонымен қатар, оқушыларды қауіпсіз мектеп ортасын құруға белсенді араласа алуының маңыздылығын көрсетті. Олардың картаны толтыруға қатысуы өзгерістерге деген дайындығын және мәселелерді шешуге деген ықыласын арттырды. «Қауіпті аймақтар картасын» пайдалану және одан кейінгі түрлендіру шаралары мектеп қауымдастығындағы психологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыруға елеулі ықпал етеді.</p>
<p>Список литературы</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Фёдунина, Н. Ю. (2012). Психологический климат в школе: к вопросу о структуре понятия. <i>Вестник Тамбовского университета. Серия: Гуманитарные науки</i>, 7, 211–216 стр. 2. Hart, R. A. (1979). <i>Children's Experience of Place: A Developmental Study</i>. Halsted Press. -518 3. Olweus, D. <i>Bullying at school: What we know and what we can do</i>. Blackwell Publishing. (1993). – 158

4. Pfladderer, C. D., Burns, R. D., & Brusso, T. (2019). **School environment, physical activity, and sleep as predictors of suicidal ideation in adolescents: Evidence from a national survey.** *Journal of School Health, 89(10)*, 808-816.

Приложения
(при
необходимости)

ҚОСЫМША 1

«Қауіпті аймақ» картасы

Қауіпті аймақ – буллинг, физикалық және эмоционалдық қысым орын алуы мүмкін аймақ.

Қауіпсіз аймақ – сіз үшін мектептегі ең жайлы орта.


Аты-жөні:

Сыныбы:

Мақсаты: Мектеп ішіндегі және мектептен тыс жерлердегі оқушыға қауіп төндіретін аймақтарды анықтау.

Картаны толтыру бойынша нұсқаулық:

1. Ұсынылған картаға мектептен тыс және мектептің ішінде өзінді қауіпті сезінетін орындарды үшбұрыш (▲) белгісімен және жайлы сезінетін орындарды жұлдызша (★) белгісімен белгілеңіз.



2. Егер де мектептен тыс және мектепте сіз үшін қауіпті аймақтар болса, келесі сұраққа өтіңіз.

Сіз белгілеген орынның қауіпті аймақ болып саналу

* Егер де сізге қауіп төнсе ата-анаңызға, сынып кураторына, психолог мамандарға бірден хабарлау арқылы мәселені тез шеше аласыз. Сондай-ақ, сіз <https://ukk.nis.edu.kz> сайтындағы онлайн CALL-орталығына хабарласуға болады.

* Өзіңізді жаңғыз сезінбеу үшін «Досыңмен бірге жүр»

ҚОСЫМША 2

Сауалнамалардың құрылымы (түрлендіруге дейін және кейін).

Бастапқы сауалнама (өзгеріске дейін)

Нұсқаулық: Құрметті оқушылар! Бұл сұрақтар «Қауіпті аймақ» картасын толтырғаннан кейінгі анықталынған орындардың неліктен солай қабылдайтынын түсінуге және растауға, бағалауға мүмкіндік береді.

Сұрақтар:

1. Бұл жерде өзіңізді қаншалықты қауіпсіз сезінесіз (1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша, мұнда 1 – өте қауіпті, 5 – өте қауіпсіз)?

2. Нақты не нәрсе бұл жерді сіз үшін қауіпті етеді? (Ашық сұрақ, мысалы: жарықтың аздығы, бақылаудың болмауы, қақтығыстардың болуы, жалғыздық және т.б.).

3. Бұл жерде сізді ыңғайсыз сезіндіретін қандай жағдайлар немесе оқиғалар болатынын сипаттаңыз.

4. Бұл жер туралы жалпы әсеріңіз қандай?

Сауалнама (өзгерістен кейін):

Нұсқаулық: Құрметті оқушылар! Сіздердің бұл сұрақтарға жауаптарыңыз қабылданған шаралардың тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

1. Бұл жерде өзіңізді енді қаншалықты қауіпсіз сезінесіз (1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша, мұнда 1 – өте қауіпті, 5 – өте қауіпсіз)?

2. Бұл жерде не өзгерді, неліктен сіз өзіңізді қазір қауіпсіздеу сезінесіз?

3. Бұл жерде байқаған қандай оң өзгерістерді сипаттаңыз.

4. Өзгерістерден кейінгі бұл жер туралы жалпы әсеріңіз қандай?

5. Бұл жерді одан да қауіпсіз және жайлы ету үшін тағы не істеуге болады, ұсыныстарыңызды айтыңыз.

ҚОСЫМША 3.1

**Оқушылар белгілеген қауіпті аймақтар бойынша
статистикалық кесте**

Сынып: 7-12 сыныптар
Қатысқан оқушы саны: 770
Өткізілген мерзімі: қаңтар 2025 жыл.

Кесте 2. Оқушылар қауіпті деп белгілеген аймақтар.

Оқушылар белгілеген қауіпті аймақтар	Оқушы саны	Себебі	Шешу жолдары
Машина тұрағы	4	Тайғақ, мұз және көліктердің көптігі	Құм себу, мұзды ою, көліктердің жарты бөлігін мектептің алдына кіргізбеу
Жолүсті өткелі, аялдама (Надземный переход)	2	Тайғақ, кейде қараңғы, мас, қауіпті адамдардың жүруі	ЖКХ-ға жазу арқылы шамдар орнатылды.
Сәтпаев даңғылы	6	Көліктердің легі, бағдаршамның жоқтығы, мектепке бұрылғанда жол апаты болу қаупі жоғары	Жолда жүру ережесін сақтау, бағдаршам қойдыру
Театр мен мектеп екіортасы	1	Қараңғы	Жарық қосу
Спорт алаңы, 1 блок	3	Камералардың аздығы	Камера орнату
7 блок	2	Мектептің сыртында қашаның астын иттер қазып тастаған, сол жерден мектеп аумағына кіреді	Қашаны жөндеу

График 1. Оқушылардың қауіпті деп белгілеген аймақтар (2024-2025 оқу жылы, қаңтар)

